

СӨТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТИ



SATBAYEV
UNIVERSITY



БІРІНШІ КУРСТАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМА-КІТАПША

2024



ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ АДАМ ИГІЛІГІ ҮШІН



СОДЕРЖАНИЕ

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ.....	7
ГЛОССАРИЙ (терминдер мен қысқарған сөздер).....	12
КАРТА.....	14
СТУДЕНТТІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ.....	16
«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?.....	17
ОҚУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ.....	18
ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	19
УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ.....	21
САБАҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ SSO ПЛАТФОРМАСЫ.....	21
ПӘНДЕР БОЙЫНША БАҒАЛАР	23
ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ	30
БАСҚА УНИВЕРСИТЕТКЕ АУЫСУ, ҚАЙТА ОРНЫҒУ НЕМЕСЕ ОҚУДАН ШЫҒУ	35
SATBAYEV UNIVERSITY-ГЕ ҚАБЫЛДАУ	39
ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТКЕ ЖОЛ АҚЫСЫ.....	40
ЖАТАҚХАНАҒА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСУҒА БОЛАДЫ?	41
БАНК КАРТАСЫ ЖӘНЕ ШӘКІРТАҚЫ.....	43
«ОҢАЙ» СТУДЕНТТІК КӨЛІК КАРТАСЫ	44

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	45
ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА.....	47
ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ, ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ	48
СТУДЕНТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ДЕПАРТАМЕНТІ.....	49
SATBAYEV UNIVERSITY СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ	51
FAQ – ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР	56
БАЙЛАНЫС ҮШІН	58



ҚҰРМЕТТІ БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТІ! **СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!**

Сіздер өмірдің қиыншылығы мен қызығы мол жаңа кезеңіне қадам басып отырсыздар. Бұл кезең талай жандар үшін өмірдегі ең бақытты жылдарға айналған. Енді, міне, сол бақыт сіздерге де бұйырып отыр. Университетте оқу жылдарында әркім өзінің бойындағы дарынын ашуға, өз жолын таңдауға, өмірлік достар табуға мүмкіндік алады. Ал Сәтбаев Университетінде ол үшін барлық мүмкіндіктер бар.

Біздің университеттің тарихы сонау 1934 жылдан басталады. Осы уақыт аралығында университет ұзақ кезеңді басынан өткерді және талай-талай жаңалықтар ашып, оның жемісін көрді, сөйтіп мол тәжірибе жинақтады. Сәтбаев университеті - еліміздегі атақты техникалық жоғары оқу орындарының бірі ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның (БСҚБТА бойынша) және Орталық Азияның (QS бойынша) техникалық университеттері арасында ең үздігі болып табылады.

Біз осы тәжірибені сіздермен бөлісуге және алдағы арманыңызға жылдам қадам басуға көмектесуге дайынбыз. Сонымен, елдегі ең үздік техникалық университетке қош келдіңіздер!

ҮЗДІК ТЕХНИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДА ҮЗДІК БОЛЫҢЫЗ



СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ!

Барлық бірінші курс студенттері үшін оқу жылы эдвайзермен танысудан басталады. Эдвайзер – университетке үйрену барысында сізге кеңес беретін, барлық сұрақтарға жауап беретін, құжаттарды толтыруға, «Оңай» студенттік картасын алуға, шәкіртақы мәселесіне, университеттің оқу порталдары- на тіркелуге, әскери билет пен оқу кестесіне көмектесетін адам. Оның телефон нөмірін жазып алып, барлық сұрақтар бойынша хабарласыңыз. Эдвайзермен танысу үшін сіз таңдаған білім беру бағдарламасын жүргі- зетін институт дирекциясына хабарласыңыз:

О. А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Институт дирекциясы: Тау-кен металлургия корпусы (ГМК), аудитория 232, 8 (727) 320-41-35.

Директор: Рысбеков Қанай Бақытұлы

Директордың орынбасарлары:

Кеңесбай Жолдасбайұлы Айтенов, тел. +7 701 453 00 02

Тілепбай Өлімбайұлы Қуандықов, тел. +7 701 902 00 09

Сәуле Темірболатқызы Солтабаева, тел. +7 747 480 76 31

Білім беру бағдарламалары:

1. Минералды өңдеу
2. Геопространстық цифрлық инженерия
3. Тау-кен инженериясы
4. Жерді пайдалану және кадастр
5. Инженерлік физика және материалтану
6. Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту
7. Түсті металдардың металлургиясы
8. Металлургиядағы рециклинг
9. Инженерлік экология
10. Литейлік өндіріс технологиясы
11. Негізгі өндірістер технологиясы және жаңа материалдар
12. Сирек және радиоактивті элементтер технологиясы

Қ. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ институты

Деканаттың орналасқан жері: Мұнай корпусы (НК), аудитория 407,
8 (708) 397 10 64.

Директор: Асқар Хамзаұлы Сыздықов

Директордың орынбасарлары:

Айбек Кенжебекұлы Абдукаримов, тел. +7 747 569 35 25

Зайра Токтарбекқызы Матаева, тел. +7 747 157 77 51

Айжан Битімбайқызы Қалқаева, тел. +7 775 089 45 78

Білім беру бағдарламалары:

1. Биотехнология
2. Қолданбалы геология
3. Гидрогеология және геоэкология
4. Жанғыш пайдалы қазбалар геологиясы
5. Сейсмология
6. Мұнай-газ химия өнімдерінің химиялық технологиясы
7. Органикалық заттардың химиялық технологиясы
8. Полимерлер өндірісі және қайта өңдеу технологиясы
9. Магистралдық желілер және инфрақұрылым
10. Мұнай-газ және кен геофизикасы
11. Пайдалы қазбалар кен орындарының геологиясы және барлау
12. Petroleum engineering (Мұнай инженериясы)
13. Гидрогеология және инженерлік геология
14. Фармацевтикалық өндіріс технологиясы
15. Drilling Engineering (Бұрғылау инженериясы)
16. Су ресурстары және су пайдалану

Автоматтандыру және ақпараттық технологиялар институты

Институт директорының орналасқан жері: Корей орталығы, аудитория
302, +7 (727) 257 70 44, +7 (727) 320 41 34.

Институттың директор міндетін уақытша атқарушы:

Жұлдыз Бейшеналиевна Қалыпеева

Директордың орынбасарлары:

Айжан Бахытжановна Қасымова, тел. +7 (701) 715 10 43

Чинибаев Ерсайн Гулисламұлы, тел. +7 (701) 988 77 51

Санжар Сағынұлы, тел. +7 (727) 320 41 34

Білім беру бағдарламалары:

1. Телекоммуникация
2. Электроника және электротехника
3. Космостық техника және технологиялар
4. Автоматтандыру және робототехника
5. Биомедициналық инженерия
6. Робототехника және мехатроника
7. Компьютерлік ғылым
8. Математикалық және компьютерлік модельдеу
9. Ақпараттық қауіпсіздік
10. Ақпараттық жүйелер

Ә. Бүркітбаев атындағы Энергетика және Машина жасау институты
Институт директорының орналасқан жері: Машина жасау корпусы
(МСК), аудитория 27, 8 (727) 320 40 36.

Директор: Елемесов Қасым Көптілеуұлы

Директордың орынбасарлары:

Басқанбаева Динара Жұмабаевна, тел.: +7 701 861 5162

Калиев Бақытжан Заутбекұлы, тел.: +7 707 758 6739

Мырзакулов Мақсат Кендебайұлы, тел.: +7 705 308 5129

Білім беру бағдарламалары:

1. Энергетика
2. Теплоэнергетика
3. Жер үсті электрлік көлік және зарядтау инфрақұрылымы
4. Цифрлық энергетика
5. Индустриалды инженерия
6. Машина жасаудағы дизайн және технологиялар
7. Жаңа материалдарды өңдеу машиналары мен технологиялары
8. Стандарттау, сертификаттау және метрология
9. Ядролық энергетика
10. Инженерлік механика және модельдеу
11. Эксплуатациялық сервис инженериясы

12. Технологиялық машиналар мен жабдықтар
13. Предикивті технологиялар және машиналар диагностикасы
14. Машиналар мен жабдықтардың цифрлық мониторингі

Т.К. Бәсенов атындағы Архитектура және құрылыс институты
Институт директорының орналасқан жері: кіші оқу корпусы (МУК), аудиторія 201, 8 (727) 320 41 37.

Директор: Құспанғалиев Болат Ұрайханұлы

Директордың орынбасарлары:

Жанар Оразбекқызы Жұмадилова, тел. +7 777 138 86 77

Ходжиков Антон Валерьевич, тел. +7 702 760 57 86

Бердали Мейірман Нұржанұлы, тел. +7 700 309 50 07

Білім беру бағдарламалары:

1. Дизайн
2. Көлік құрылыстары
3. Архитектура
4. Құрылыс инженериясы
5. Көлік құрылыс
6. Инженерлік жүйелер мен желілер
7. Ағаш конструкцияларын есептеу және жобалау технологиясы
8. ВІМ жобалау және құрылыс басқару
9. Құрылыс материалдарының инновациялық өндірісі
10. Өндірістегі гигиена және еңбек қауіпсіздігі
11. Тіршілік қауіпсіздігі

«Транспорттық инженерия және логистика» мектебі

Мектептің жетекшілігі: ИМС корпус, кабинет 308, 309, +7 (727) 320-40-83.

Жетекші: Абдуллаев Сейдулла Сейдеметович

Жетекшінің орынбасары:

Асель Кожанбердиновна Курбенова, тел. +7 707 870 98 08

Білім беру бағдарламаларының жетекшілері:

Нұрбол Садықанұлы Камзанов, тел. +7 702 110 0005

Гульмира Самудиновна Муханова, тел. +7 701 993 7718

Білім беру бағдарламалары:

1. Транспорттық инженерия
2. Вагондарды өндіріс, жөндеу және пайдалану технологиясы
3. Локомотивтерді өндіріс, жөндеу және пайдалану технологиясы
4. Транспорттық қызметтер
5. Сандық логистика

Е.А. Туркебаев атындағы Жобаларды басқару институты

Институт дирекциясы: Бас оқу корпус (ГУК), аудитория 415, 8 (727) 320 40 91.

Директор: Амралинова Бақытжан Базарбековна

Директордың орынбасарлары:

Динара Оразовна Сатыбалдиева, тел. +7 777 207 29 11

Шындауыл Елмуратович Нугуманов, тел. +7 707 487 18 96

Жунусбекова Назым Маратовна, тел. +7 700 398 31 19

Институт кеңесшісі: тел. +7 (702) 798 88 83

Білім беру бағдарламалары:

1. Startup бакалавриаты
2. Бизнес-инжиниринг
3. Математикалық экономика және деректерді талдау
4. Құрылыс жобаларын басқару
5. Қаржылық аналитика



ГЛОССАРИЙ

(терминдер мен қысқарған сөздер)




- **АК** – Академиялық күнтізбе.
- **Апелляция** – студенттердің білімін объективті бағалауға ықпал ететін факторларды анықтау және жою үшін жүргізілетін іс-шара.
- **БОҒ (ТУК)** – Бас оқу ғимараты.
- **ТМК** – Тау-кен металлургия корпусы.
- **ҚО (ДО)** – қашықтықтан оқыту.
- **ҚБт (ДОТ)** – қашықтықтан білім беру технологиялары.
- **Ж-жСД** – Жастар ісі және спорт департаменті.
- **ӘИИ (ИВД)** – Әскери іс институты.
- **ЖОЖ** – жеке оқу жоспары (*индивидуальный учебный план (ИУП)*) – академиялық оқу мерзімінде белгілі бір студенттің өз бетінше құрастырған Жұмыстық оқу жоспары негізінде білім деңгейін көрсететін құжат, оған оқу пәндерінің тізімі мен таңдап алынған кредиттер саны кіреді.
- **МУК** – Кіші оқу корпусы.
- **НК** – Мұнай корпусы.
- **Add/Drop аптасы** – оқу мерзімінің алғашқы аптасы, студент бір пәннен өзіне қажетті екінші бір пәнге ерікті түрде ауыса алатын кезеңі.
- **ТК** – тіркеу кеңсе (*офис-регистратора (ОР)*) – студенттерді оқытылатын пәндер бойынша тіркеу, оқудың барлық кезеңіндегі олардың жетістіктерін тіркеу жұмыстарымен, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастырумен және академиялық рейтингті есептеуді қамтамасыз етумен айналысатын қызмет орны.
- **Кеңсе-сағат (офис-час)** – сабақтан тыс мезгілде оқытушымен кез келген тақырыпта, кез келген мәселе жөнінде әңгімелесуге болатын уақыт.

- **Пререквизиттер/постреквизиттер** – белгілі бір пәндерді оқудың алдында міндетті түрде күні бұрын оқытылатын пән/белгілі бір пәндерді оқығаннан кейін міндетті түрде оқытылатын пән.
- **Проктор** – емтихан ережелерінің сақталуына жауапты ретінде университет қызметкерлерінен таңдап алынған тәуелсіз бақылаушы.
- **Ритейк (retake)** – белгілі бір пәннен шешуші емтихан тапсырған кезде «қанағаттанарлықсыз» («F»—fail) баға алып қалған жағдайда, қайтадан оқытылатын сол пән. Қайтадан оқу тек қана ақылы түрде жүзеге асырылады.
- **Шектік бақылау (рубежный контроль (аттестация))** – оқу пәнінің белгілі бір бөлімін бітіргеннен кейін студенттердің білімін тексеру шарасы. Оны сол пәннің оқытушысы оқу мерзімінің 8-ші және 15-аптасында өткізеді.
- **Жұмыстық оқу жоспары (ЖОЖ)** – рабочий учебный план (РУП) – міндетті компоненттің пәндерінің толық тізімін және қосымша компоненттің кредиттер санын, оқу пәндерінің ретін, оқыту түрлерін, сондай-ақ бақылау түрлерін көрсететін құжат.
- **Силлабус** – оқытылатын пәннің сипаттамасы, қысқаша мазмұны, сондай-ақ пәннің мақсаттары мен міндеттері көрсетілетін оқу бағдарламасы; онда студенттің алатын білімі мен дағдыларының тізімі; әр сабақтың тақырыптары мен ұзақтығы; өздік жұмысқа арналған тапсырмалар; кеңсе-сағаттың уақыты; оқытушының талаптары; білімді бағалау критерийлері; жұмыстарын өткізу кестесі және пайдаланатын әдебиеттер тізімі көрсетіледі.
- **СӨЖ** – студенттің өздік жұмысы. Студенттің жеке жасаған өздік жұмысынан (СРС) және студенттің оқытушымен бірлесіп жасаған (СРСП) жұмысынан құралады.
- **Транскрипт** – студенттің оқу үлгерімі жағдайын толық айқындайтын құжат. Қол қойылып, мөр басылған осындай ресми құжатты тек Тіркеуші кеңсегі (ОР) №1 және №7 терезеден алуға болады.
- **Эдвайзер** – студенттерге академиялық оқу мәселесі жөнінде кеңес беріп, білім беру бағдарламаларын дұрыс таңдауға және бүкіл оқу мерзімінде соны толық меңгеру жайлы көмек беретін оқытушы.
- **GPA (Grade Point Average)** — аттестат немесе дипломның орташа балл. Студенттің жалпы үлгерімін көрсетеді. Еуропалық шкала бойынша 0,0-ден 5,0-ге дейін, американдық және қазақстандық шкала бойынша 0,0-ден 4,0-ге дейінгі мәнде бола алады.

КАРТА



- 1 Бас оқу корпусы (ГУК)
- 2 Қабылдау комиссиясы (ҚК)
- 3 Мұнай корпусы (НК)
- 4 Тау-кен металлургия корпусы (ГМК)
- 5 Малый учебный корпус (МУК)
- 6 Өнеркәсіптік инженерия институты
- 7 Машина жасау корпусы
- 8 Тау-кен металлургия институтының оқу полигоны
- 9 Технопарк (оқу-өндірістік цех)
- 10 Жылу корпусы
- 11 Әскери корпус
- 12 Корей орталығы
- 13 Тіркеу кеңсесі (ОР)
- 14 Медициналық орталық
- 15 №1,2,3 жатақханалар
- 16 Fab-Lab
- 17 Жас ғалымдар үйі
- 18 Қ.И.Сәтбаев ескерткіші
- 19 UniHub шығармашылық кеңістігі мен кофеханасы





Байтұрсынов көшесі

Байтұрсынов көшесі

Байтұрсынов көшесі

Сәтбаев көшесі

Сәтбаев көшесі

Сәтбаев көшесі

Сейфуллин даңғылы

СТУДЕНТТИҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Кодексте басты орын алатын қоғамның адамгершілік қағидаттары мен құндылықтарын сақтау студенттің күнделікті тыныс-тіршілігінің тиімділігін арттырады, оның кәсіби маман, әрі жан-жақты білікті де мәдениетті тұлға болып қалыптасуына, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға септігін тигізеді. Мұның бәрі тұтастай алғанда университеттің абыройын асқақтатып, дәрежесін өсіреді.

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ

- ▶ жауапкершілігі мол, бастамашыл, кәсіби тұрғыда мақсатты, дербес тұлға;
- ▶ басқа студенттерге, профессорлық-оқытушылар қауымына, әкімшілікке, университеттің басқа да қызметкерлеріне сыйластықпен, құрметпен қарайды;
- ▶ университетте/қоғамда қалыптасқан этикалық нормалар мен әдептілік ережелерін сақтап, өз тәртібі мен түр-тұрпаты арқылы басқаға үлгі болады;
- ▶ қандай да болмасын жағдайда тәртіп сақтайды, дөрекі сөйлемейді;
- ▶ сабақтан қалмайды, оқуда озат, үлгілі, университеттегі қоғамдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласады;
- ▶ туыскандық және қызметтік байланыстарын сабақ үлгеріміне қолданбайды, оқу үдерісінде жемқорлыққа жол бермейді (пара беруші мен пара алушы екеуі де заңды түрде бірдей жауапқа тартылады) – Коррупцияға қарсы қызмет орталығының тел.: 1424.
- ▶ рұқсатнамалық тәртіптің талаптарын орындайды, қауіпсіздік қызметкерлеріне ID-картаны тәртіп бойынша көрсетіп отырады, егер де біреудің қалып қойған заты немесе басқа да күдікті заттар байқалса, дереу қауіпсіздік қызметкерлеріне хабарлайды;
- ▶ университеттің заттарына мұқият болады, жан-жағында тазалық пен тәртіп сақтап, университет айналасында темекі шегуге жол бермейді;
- ▶ «Студенттердің академиялық адалдық кодексінің» ережелерін ұстанады.

«АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ» ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Университеттегі академиялық адалдық «Студенттердің академиялық адалдық кодексінің» ережелері бойынша реттеліп отырады. Осы құжатқа сәйкес тыйым салынады:

- туысқандық және қызметтік байланыстарды сабақ үлгеріміне қолдануға, оқу үдерісінде жеңілдік алу үшін жемқорлыққа жол беруге;
- коррупциялық әрекеттерге жол беруге;
- профессорлық-оқытушылар қауымын немесе курстас достарын сыйламаушылыққа жол беріп, әдепсіз қылықтар танытуға;
- бақылау жұмысын жазу кезінде басқадан көшіруге немесе басқаның көмегіне жүгінуге;
- әртүрлі оқу тапсырмаларын (*дайын реферат, курстық жұмыс немесе басқа да жұмыстарды*), сондай-ақ интернет-ресурстардан алынған жұмыстарды өз жұмысы ретінде көрсетуге, яғни плагиат жасауға;
- бақылау жұмыстарына (*әсіресе емтиханға!*) өзінің орнына бөтен адамды кіргізуге;
- университеттегі оқуға тікелей немесе жанама түрде қатысы бар құжат-

БІЛУ МАҢЫЗДЫ!

Бірінші курс студенттері академиялық адалдық ережелерін бұзу жағдайларын, университеттің ішкі ережелерін, сондай-ақ жатақханада тұру ережелерін бұзу жағдайларын Дисциплинарлық комиссия қарастырады. Тәртіп бұзғаны үшін келесі тәртіптік жазалардың бірі

Ескерту

сәгіс

қатаң
сәгісоқудан шартты
түрде шығаруоқудан
мүлде шығару

ОҚУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Университеттегі оқу үдерісі оқудың кредиттік технологиясы (ОКТ) негізінде жүзеге асырылады, яғни студенттің жеке таңдауы арқылы алынған оқу пәндерін өзіндік жоспар бойынша кредиттік технологияны қолдана отырып оқуға негізделеді.

Кредит (*Credit Hour*) – оқытушы мен студенттің оқу көлемін өлшейтін бірлік; 1 кредит = 1 академиялық сағат (50 минут); академиялық оқу мерзімі бойынша аптасына бір рет оқытушы/студент болып бетпе-бет жұмыс істегенде 1 академиялық сағат беріледі. Әрбір академиялық сағат – 2 сағаттық (100 минут) Студенттің өзіндік жұмысынан (СӨЖ) тұрады. Әрбір пән 5 кредитпен (*өте сирек кезде 3 кредитпен*) бағаланады да, бір семестр бойына оқытылады.

Студент өзінің білім алу бағдарламасын жеке оқу жоспары (ЖОЖ) бойынша құрады, ол жоспар таңдаған мамандығының типтік оқу жоспары мен элективтік пәндер каталогі (ЭПК) негізінде құрылады. Мамандық бойынша толық дәрежелі білімді меңгеру үшін студент оқу жоспары бойынша тиісті кредит алып, өз жеке оқу жоспарын орындауы тиіс.

Қосымша толық ақпарат алу үшін кез келген оқытушыға, өз эдвайзеріңізге немесе институт дирекциясына жолығуға болады.



ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ


Оқу жылы академиялық мерзімдерден (*семестр*), қорытынды бақылаудан (*емтихан сессиясы*), практика мен демалыстан тұрады. Сәтбаев Университетінде бір академиялық мерзім – 15 апта, 2 апталық емтихан сессиясынан (*қорытынды бақылаулары*) тұрады.

ОҚУ ЖЫЛЫ – 36 АПТА





АҒЫМДАҒЫ ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ БАҒАСЫ



УНИВЕРСИТЕТТІҢ БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАЛАРЫ

Университеттің Білім беру [SSO](#) порталында, [Polytechnonline.kz](#) және [Microsoft 365 Education](#) бұлтты қызмет платформаларында барлық студенттердің жеке аккаунттары бар, бұл порталдар бірыңғай білім беру жүйесіне біріктірілген.

Логин мен пароль барлық жүйелерде бірыңғай.

САБАҚ КЕСТЕСІ ЖӘНЕ SSO ПЛАТФОРМАСЫ

[SSO](#)-студенттерге, олардың ата-аналарына және оқытушыларға арналған білім беру цифрлық порталы. Университетке түскеннен кейін студенттер осы сайт арқылы жеке кабинетке кіре алады. Студенттің ЖСН логин болып табылады, пароль [kb.satbayev.university](#) порталында тіркелген кезде

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ SATBAYEV
UNIVERSITY

Қаз Рус Eng

Учебная система

Логин @satbayev.university

Пароль

ВОЙТИ

Изменить пароль

Ата-аналар студенттердің оқу жетістіктерімен студенттің аккаунты арқылы таныса алады. Платформа оқу және жеке жоспарларға, сабақ және емтихан кестелеріне, оқу материалдарына қол жеткізуге, эдвайзерлермен және жұмыс берушілермен танысуға, анықтама алуға және т. б мүмкіндік береді.

Microsoft 365 Education

Microsoft 365 Education – бұл қашықтықтан білім берудің қазіргі заманда әлемдік деңгейде танылған заманауи электрондық оқыту платформасы.


Университет жүйесінде аккаунт алу арқылы сіз мыналарды аласыз:

- университеттің корпоративті поштасы арқылы әрбір студентке жеке электронды пошта жәшігін (есімінің бірінші әрпі.тегі) @stud.satbayev.university . Бұл электронды пошта арқылы оқытушы, әкімшілік және басқа да студенттер сізбен байланыса алады. Пошта жәшігінің көлемі 50 ГБ;
- 1 терабайт жеке бұлтты сақтауы бар Microsoft OneDrive;
- лекциялар мен семинарлар жиі өткізілетін Microsoft Teams виртуалды конференция жүйесіне қол жеткізу;
- OneNote бағдарламасының күнтізбесі, жоспарлаушысы, жұмыс үстеліндегі нұсқасы, онда студенттер өз жобалары мен тапсырмаларын, соның ішінде суреттер, кестелер, тіпті химиялық және математикалық формулаларды да орындай алады;
- Microsoft Office жиынтығының онлайн қосымшалары – Word, Excel, PowerPoint, Outlook және басқалары.

Бұл жүйеге office.com сайты арқылы кіру керек, ол үшін студенттің жеке поштасына келетін (ID) @stud.satbayev.university корпоративті поштасын логин және корпоративті пошта паролі ретінде қолдану керек.

Жұмыс істеу үшін қойылатын шарттар:

- 1) Шектік жылдамдығы 3мбит/сек болатын жылдам, сенімді интернет-қосылым.
- 2) Жеке компьютер немесе лаптоп. Гаджеттер (смартфон немесе планшет) арқылы оқуға рұқсат етілмейді, өйткені ондай оқу тиімсіз, әрі сапасыз болады.



ПӘНДЕР БОЙЫНША БАҒАЛАР

Пән бойынша қорытынды бағалау кезінде ағымдағы үлгерім бағасы есептеледі – екі аралық бақылау (midterm + end-of-term) және қорытынды емтихан.

СТАНДАРТТЫ БАҒАЛАР:

A

A-

– «ӨТЕ ЖАҚСЫ» БАҒА

B+

B

B-

C+

– «ЖАҚСЫ» БАҒА

C

C-

D+

D

– «ОРТАША» БАҒА

FX

«FX» — қанағаттанарлықсыз баға, бұл дегеніміз емтиханды қайта тапсыру қажет екенін білдіреді.

«FX» бағасы студент семестр қорытындысы бойынша кемінде 25 балл жинаған жағдайда қойылады, бірақ емтихан кезінде а) 10-19 балл жинаса немесе б) пән бойынша жиынтық шекті деңгейін 50 балл немесе одан көп балл жинай алмаған жағдайда қойылады.

F

- «F» (*fail*) бағасы – «қанағаттанарлықсыз», «нашар» баға, яғни бұл пәнді ақылы түрде қайтадан оқу керек.
- Мынадай жағдайларда студентке «F» бағасы қойылады, егер де ол:
- пән сабақтарының **20%-дан** астамын жіберіп алса (*оқу кезінде барлық сабақтарға міндетті түрде қатысу керек. Сабақ жіберуге рұқсат етілген ең көп пайыз мөлшері – 20%, егер де пән 3-кредитті болса – 9, 2-кредитті болса – 6*).
 - екі аттестация үшін жалпы саны **25-тен** төмен балл жинаса;
 - емтихан үшін **20-дан** төмен балл жинаса;
 - емтиханға себепсіз келмей қалып, өткізіп алған болса;
 - емтихан кезінде тыйым салынған құралдарды (*шпаргалкалар, гаджеттер*) пайдаланса және басқа да заң бұзушылықтар жасаса;
 - емтиханнан «FX» бағасын алып, оны қайтадан тапсырған кезде шектік жиынтық **50** және одан да жоғары балл деңгейін растай алмаса, оған «F» бағасы қойылады.

I

- «I» (*incomplete*) бағасы – «Пән аяқталмаған» дегенді білдіреді, яғни (*толық емес*), GPA есептеген кезде ол есепке алынбайды.
- Студент пәннің оқу жоспарын толық аяқтап, семестр ішінде 25-тен төмен балл жинаған болып, емтиханға жіберілсе, бірақ күтпеген жағдайларға байланысты емтиханға келе алмай қалса, оған «I» бағасы қойылады, мысалы:
- медициналық көрсеткіштері бойынша жедел түрде ауруханаға түскен жағдайда;
 - жақын туыстарының бірі қайтыс болған жағдайда (*ата-анасы, туыстары, аға-әпкелері және т.б.*).



«W» (*Withdrawal*) – «пәннен бас тарту» дегенді білдіреді. Студент оқу жылының басында, семестрдің алғашқы 4 (*төрт*) аптасында (*немесе триместрдің 2 аптасында*) (*жазғы тоқсанда – сабақ басталғаннан кейінгі алғашқы 4 күн ішінде*) пәннен бас тарту туралы шешімінің себептері көрсетілген өтінішті институт директорының атына бере алады. Сонда бұл пән үшін төлем жасалмайды. Студенттің эдвайзері мақұлдаған және институт директорының қолы қойылып, оң шешімін тапқан өтініш Тіркеуші кеңсеге жіберіледі, әрі қарай – университеттің Қаржы және есеп департаментіне қызмет құнын толықтай шегеру үшін жіберіледі. Студенттің пән емтиханы жөніндегі құжатына (*ведомость*) «W» белгісі қойылады. Егер де студент бұл пәнді қайтадан тіркеп, оны толықтай меңгерген жағдайда оқытушы бағаны қайта өзгерте алады.

Тіркелген пәннен студенттің бас тарту себептері ретінде келесі жағдайлар аталуы мүмкін:

- студент өзінің мүмкіндіктерін жеткілікті түрде бағалай алмай, ұсынылған кредиттер санынан асып кетсе;
- бұл пәнді игеру үшін студенттің базалық білім деңгейі жеткіліксіз болса;
- сол пән оқылатын тілде студенттің дайындық деңгейі жеткіліксіз болуы мүмкін.

- «AW» (*Academic Withdrawal*) бағасы – бекітілген «пәннен әкімшілік шығарып тастау» (*академиялық себептер бойынша оқудан шығару*), оқытушы немесе әкімшілік тарапынан студент пәннен шығарылған кезде осы баға қойылады.

«AW» **0 балдық** сандық баламаға ие болады және **GPA** есептеу кезінде ескеріледі.

Пәннен әкімшілік тарапынан шығару себептері мыналар болуы мүмкін:

- сабақ үстінде студенттің тәртіп ережелерін үнемі бұзуы; **СӨЖ**-дің жеке тапсырмаларын орындамауы; жұмысты өткізу кестесінің бұзылуы және **ҚазҰТЗУ**-да оқу жөніндегі басқа да ережелердің бұзылуы.



«AU» (*Audit*) бағасы – яғни «пән тыңдалды» дегенді білдіреді. Бұл баға пәнді белгілі бір білімді бақылаудың белгіленген формаларын (ағымдағы, аралық, қорытынды бақылау) сақтамай-ақ тыңдағысы келетін және қорытынды бағаны тезірек алғысы келетін студентке қойылады. Мұндай пәндерді өту ҚазҰТЗУ-де белгіленген құны бойынша төленеді. «AU» бағасы кредиттелмейді және GPA есептеулеріне қосылмайды.



GPA – САБАҚ ҮЛГЕРІМІНІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ

Grade Point Average – барлық оқытылатын пәндердің орташа бағасы.

GPA бойынша жоғары балл = 4.0, ал 3.0-ден жоғарының бәрі жақсы баға болып саналады, 2.0 – «тәуекел аймағы».

GPA ҚАЛАЙ ЕСЕПТЕУГЕ БОЛАДЫ?

Мысалы:

Пән	Кредиттер саны	Әріптік жүйе бойынша қойылатын баға	Сандық эквивалент
Математика-1	3	A	4.00
Риторика	2	B	3.00
Физика-1	3	F	0

1. Барлық оқылған пәндердің кредиттер санын бағаның сандық эквивалентіне көбейтеміз:

Математика-1	$3 \times 4.00 = 12.00$
Риторика	$2 \times 3.00 = 6.00$
Физика-1	$3 \times 0 = 0$

2. Алынған мәндерді қосамыз: жалпы мәні = $12 + 6 + 0 = 18.00$

3. Кредиттердің жалпы санын есептеп шығарамыз: $3 + 2 + 3 = 8$

$$GPA = \frac{\text{Жалпы мәні}}{\text{Кредиттердің жалпы саны}} = \frac{18.00}{8} = 2.25$$

Осы формула бойынша семестрлік GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және 1 семестрдегі кредиттердің жалпы саны) және жылдық GPA есептеп шығаруға болады (жалпы мәні және бүкіл оқу жылындағы кредиттердің жалпы саны).

Келесі оқу жылына ауысу және мемлекеттік білім беру грантын сақтау үшін қажетті ең төменгі орташа балл GPA: – 1,6 құрайды.

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Сандық эквивалент	Балл саны	Сипаттама	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
Стандартты бағалар				
A	4,0	95-100	Оқытылатын курстың көлемінен асып кететін білімнің жоғары стандарттарын көрсетеді	«Өте жақсы»
A-	3,67	90-94	Білімнің ең жоғары стандарттарына сәйкес келеді	
B+	3,33	85-89	Өте жақсы және білімнің жоғары стандарттарына сәйкес келеді	«Жақсы»
B	3,0	80-84	Жақсы және білімнің жоғары стандарттарының көпшілігіне сәйкес келеді	
B-	2,67	75-79	Жоғары стандарттарға жуықтау келетін толық жеткілікті білім	
C+	2,33	70-74	Жалпы стандарттарға сәйкес келетін жеткілікті білім	
C	2,0	65-69	Қанағаттандырады және жалпы білім стандарттарының көпшілігіне сәйкес келеді	«Қанағаттанарлық»
C-	1,67	60-64	Қанағаттандырады, бірақ кейбір білімдері бойынша стандарттарға сәйкес келмейді	
D+	1,33	55-59	Аздап қанағаттандырады, бірақ көпшілік білімдері бойынша стандарттарға сәйкес келмейді	
D-	1,0	50-54	Аздап қанағаттандыратын шектік баллдың стандарттарға сәйкестігі күмәнді	
FX	0	25-49	Қанағаттандырмайтын төменгі көрсеткіштер, емтиханды қайта тапсыру керек	«Қанағаттандырмайды»
F	0	-	Пәнді игеруге тырыспады. Студент алдау арқылы емтихан бағасын алуға тырысқаны үшін де қойылады	

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Сандық эквивалент	Балл саны	Сипаттама	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
Көмекші бағалар				
I (Incomplete)	0	кем дегенде 25	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Курстың көп бөлігін ойдағыдай аяқтап, алайда дәлелді жағдайларға байланысты қорытынды бақылау жұмыстарын аяқтамаған студенттің бағасын кафедра меңгерушісінің келісімімен оқытушы қояды	«Пән аяқталған жоқ»
W (Withdrawal)	-	-	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Студент пәннен өз еркімен бас тартып, оны игере алмады. Оқу демалысын алған немесе жүйелі түрде сабаққа қатыспаған студентке бұл баға автоматты түрде қойылады	«Пәннен бас тарту»
AW (Academic Withdrawal)	0	0	GPA санаған кезде «F» болып есептеледі. Студенттің академиялық тәртіп пен ережелерді жүйелі түрде бұзғаны үшін оқытушы оны пәннен шығарғанын осы баға көрсетеді	Академиялық» көрсеткіш бойынша пәннен әкімшілік шығару» – «F» сияқты баға
AU (Audit)	-	-	GPA санаған кезде есепке алынбайды. Студентке де, ерікті тыңдаушыға да бағасыз қойыла береді	«Пән тыңдалды»



ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ТІРКЕЛУ

- Add/drop апталығы
- Жеке оқу жоспарын (ЖОЖ) құру
- Оқу пәндеріне тіркелу



Add/Drop – оқудың алғашқы аптасында студент бір пәннен кетіп және/немесе басқа бір пәнге өз еркімен жазыла алатын кезең. Академиялық кезеңнің бірінші аптасында (Add/Drop) студент пәндерді, сабақ кестесін өзгерте алады, сондай-ақ оқытушы тандап ала алады.

Сабақ кестесіне өзгерістерді тек **Тіркеу кеңсесі** арқылы енгізуге болады. Студент пәнді немесе сабақтың уақытын өзгерту туралы өтініш толтырып (*өтініш үлгісі интернетте орналастырылған*), оны **Тіркеу кеңсесіне** өткізуі тиіс. Өтініш қаралады, содан кейін қолданыстағы кестеге сәйкес келіп, кедергі болмайтын жағдайда және топтардағы бос орындар саны жеткілікті болса, студенттің оқу кестесіне тиісті өзгерістер енгізіледі. Сөйтсе де, қолданыстағы кестеге сәйкес ол сабаққа міндетті түрде қатысуы тиіс. Өтініштер тек «**Add/Drop**» апталығындағы қайта тіркеу кезеңінде ғана қаралады.

ЖОЖ құру

Әр студент өзінің оқу траекториясын жеке оқу жоспары (**ЖОЖ**) түрінде құрастырады, ал ол жоспар білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогі (**ЭПК**) шеңберінде құрылады. Студент өзінің оқу жоспарын тиісті білім деңгейіне сәйкес етіп құрап, оқу жоспары бойынша та-

лап етілетін кредиттер санын жинауға міндетті.

Студент **ЖОЖ** дайындауға және білім беру бағдарламасының оқу жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсының толық меңгеруіне жауап береді. **ЖОЖ** студенттің әр академиялық кезеңіне эдвайзердің және қажет болған жағдайда кафедра меңгерушісінің қолдауымен жасалады.

Өзінің **ЖОЖ** құрау кезінде студент:

- оқу процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастырудың ережелерімен танысуы тиіс;
 - порталдағы білім беру бағдарламалары (**ББ**) бойынша өзінің жұмыстық оқу жоспарымен (**ЖОЖ**) танысуы тиіс;
 - оқу пәндеріне тіркелудің белгіленген мерзімдерін сақтауы тиіс. Студенттің **ЖОЖ** құрамына кіретін кредиттер саны студенттің академиялық оқу кезеңіндегі білім беру бағдарламаларының жұмыстық оқу жоспары бойынша белгіленген кредиттер санына сәйкес ұсынылады. Қажет болған жағдайда студент қосымша пәндерге жазыла алады, оның ішінде ақылы білімге де, бірақ бір семестрде **34 кредиттен** көп емес (*19 аудиториялық байланыс*). Деңгейі **3.5** және одан да жоғары жинақталған **GPA** бар студенттерге белгіленген шектеуден тыс тағы бір пән алуға болады. Студент жылдық тіркелуді ертерек жасаған кезде білім беру бағдарламасының жұмыстық оқу жоспары шеңберінде пәндер құрамын өзгерту арқылы **ЖОЖ**-ны да өзгертіп, **Add/Drop** кезеңіне де өзгеріс енгізуге құқылы.
- Оқуға қайтадан қабылданған немесе басқа оқу орындарынан ауысып келген студенттерге **Add/Drop** кезеңінде **ЖОЖ**-ды түзеп, реттеп алу ұсынылады. Сондай-ақ алдыңғы академиялық кезеңдерде пререквизитті пәндерді (*мысалы, математика 1*) игермеген студенттер оқу жоспарына сәйкес постреквизиттен кейінгі пәндерге қатысты (*мысалы, математика 2*) өзгертулер енгізуі керек. **Add/Drop** кезеңінің басталуына дейін кейбір студенттерде сабақ кестесінің құрылып қойғанына байланысты **ЖОЖ**-ға өзгерістер енгізу мүмкін емес, өйткені ол осы сабақ кестесіне кедергі келтіреді.

Оқу пәндеріне тіркелу

Студенттерді семестрдің пәні бойынша тіркеуді (**Entrollment**) эдвайзерлердің, институттар мен кафедралардың әдістемелік және консультативтік көмегі арқылы Тіркеу кеңсесі ұйымдастырады. Тіркелу мерзімі Академиялық күнтізбеде көрсетілген.

– Студенттер Академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімге сәйкес Сәтбаев Университетінің оқу порталында онлайн режимінде міндетті пәндерге тіркелулері тиіс.

– Университет порталында тіркелу үшін студенттер Сәтбаев Университетінің порталында берілген нұсқаулықтармен танысуы керек.

– Тіркелгенге дейін студент өз жеке траекториясын құру үшін эдвайзермен байланысуы керек. Эдвайзер білім беру бағдарламасының оқу жоспары мен қосымша пәндер каталогі аясында пәндерді таңдауға кеңес береді және түсіндіреді.

Тіркелу екі кезеңнен тұрады:


– **1-кезең. Студенттің жеке өзіндік оқу жоспарын қалыптастыруы:** пәндерге тіркелу, мұнда студентте оқу тілі мен пәндерді таңдауға мүмкіндік болады;


– **2-кезең. Жеке сабақ кестесін қалыптастыру:** студенттер өздерінің сабақ кестелерін құра алады, мұнда олар оқытушыны, **ЖОЖ** пәндері ішінен өздеріне ыңғайлы пәндер мен оның уақытын таңдап алады.



SSO көмегімен пәндерге қалай тіркелуге болады?

1. Пәндерге тіркелу үшін сіз өзіңіздің жеке кабинетіңізге кіріп, "Жеке оқу жоспары" бөлімін ашуыңыз керек.



2. "Пәндерді таңдау" батырмасын басыңыз , бос "пәнді таңдау" қалқымалы терезесі ашылады. Басында терезе бос болады, пәндерді таңдауды бастау үшін "Семестр" терезесін басып, қажетті семестрді таңдау керек, мысалы: "Күз 2023-2024".

Өрқайсысының жанындағы оң жақтағы плюс белгішесін түрту арқылы қол жетімді курстың/семестрдің міндетті және таңдамалы пәндеріне тіркеліңіз. Пәндерді таңдауды аяқтағаннан кейін, терезені жоғарғы оң жақ бұрыштағы крестпен жабыңыз.

Выбор дисциплины

Семестр
Осень 2023-2024

☐ Обязательные дисциплины ☐ Обязательные дисциплины ☐ Дисциплины выпускающей кафедры

Код Наименование дисциплины Кафедра

Поиск

Код	Наименование дисциплины	Кафедра	Цикл	Кредиты	Лк/Ла/б/Пр	Препрекции	Компоненты	Добавить
GE01 60	Эксплуатационная разведка подземных вод	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/0/1		Обязательный	+
GE04 11	Геофизические методы поисков и разведки	Геологическая съемка, поиск и разведка месторождений полезных ископаемых (1)	Базовый	3	2/1/0		Обязательный	+
GE04 11	Геофизические методы поисков и разведки	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/1/0		Обязательный	+
GE04 39	Седиментология	Геологическая съемка, поиск и разведка месторождений полезных ископаемых (1)	Базовый	3	2/1/0		Обязательный	+
GE04 39	Седиментология	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/1/0		Обязательный	+
GE05 12	Четвертичная геология и геоморфология	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/0/1		Обязательный	+
GE05 21	Региональная инженерная геология	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/0/1		Обязательный	+
GE05 22	Гидравлика и гидрология	Гидрогеология, инженерная и нефтегазовая геология (1)	Базовый	3	2/0/1		Обязательный	+

« НАЗАД 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 ДАЛЕЕ »

3. Экранның оң жағындағы "тіркеуді аяқтау" түймесін басыңыз

Назар аударыңыз!

1. Сіз пәндерді таңдауды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін ғана өзгерте аласыз!
2. Сіз автоматты түрде немесе өзіңіз тіркелген пәндер "Жеке оқу жоспары" бөлімінде "Таңдалған пәндер" тізімінде орналастырылған. Қажет болса, оларды тізімнен жоюға болады.
- 3 "Жеке оқу жоспары" бөліміндегі кредит есептегіші сізге қажетті пәндер санына тіркелуге көмектеседі. Егер кредит саны жеткіліксіз болса, бұл есептегіште қызыл түспен белгіленеді.

Количество кредитов				
Цикл	Минимально		Вы набрали	
	Обяз.	Элект.	Обяз.	Элект.
Осень 2023-2024				
Базовый (Б)	18	0	12	0
Профильный (П)	12	0	6	0
Всего	30	0	18	0

Рабочий учебный план

4. Пәндерге тіркелу аяқталғаннан кейін, таңдалған пәндер негізінде кесте құрылады. Кесте жасалғаннан кейін ол сіздің жеке кабинетіңізде пайда болады (Жеке кабинеттің басты бетіндегі хабарламаларды қараңыз).

БАСҚА УНИВЕРСИТЕТКЕ АУЫСУ, ҚАЙТА ОРНЫҒУ НЕМЕСЕ ОҚУДАН ШЫҒУ

- Мемлекеттік шәкіртақы
- Студентті мемлекеттік білім беру грантынан айыру
- Академиялық үзіліс
- Ауысу және қайта орнығу
- Сәтбаев Университетінен шығару



МЕМЛЕКЕТТІК ШӘКІРТАҚЫ

- Мемлекеттік білім гранты негізінде бірінші курста оқитын барлық студенттерге бірінші академиялық кезеңде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады.
- Кейінгі оқу семестрінде студент емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (білімді бақылаудың барлық түрлерін қоса алғанда) тек **«жақсы»** деген (**«B+(85-89)»**, **«B(80-84)»**, **«B-(75-79)»**) немесе **«C+(70-74)»**) немесе **«өте жақсы»** (**«A(95-100)»**, **«A-(90-94)»**) деген баға алса ғана мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу жұмыстары жүзеге асырылады.
 - Көру және есту қабілеті нашар мүгедек студенттер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз, басқаның қамқорлығында қалып, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын балаларға мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижелері бойынша **академиялық қарыздары** болмаған кезде ғана төленеді.
 - Мемлекеттік шәкіртақы тағайындау кезінде **GPA** емес, студенттің тек бағалары ғана ескеріледі.

СТУДЕНТТІ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ГРАНТЫНАН АЙЫРУ

- Мемлекеттік білім гранты бір жылға беріледі. Студент мемлекеттік білім грантынан мынадай жағдайда айырылып қалуы мүмкін:
- егер де ол белгіленген **GPA (2)** балл мөлшерін жинай алмай, шартты оқу мәртебесіне ауыстырылған болса. Бұл жағдайда студент оқуын ақылы негізде жалғастыра алады да, оның **ЖОЖ**-ына бір семестрге **15 кредит**, бір триместрге **9 кредит** және бір тоқсанға **6 кредит** көлемінен

- аспайтын мөлшерде пәндер енгізіледі;
- оқудан өз еркімен шыққысы келсе;
 - білім беру бағдарламаларының бір тобынан екінші тобына ауысу кезінде;
 - егер де студент Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық шәкіртақысының иегері болса (*бұл жағдайда студент дереу институт директорына хабарлап, тиісті өтініш жазуға міндетті*);
 - Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде және уәкілетті органдардың шешімдері бойынша белгіленген басқа жағдайларда.

Мемлекеттік білім грантынан айырылған студенттерге ақылы негізде оқу құқығы беріледі.

Ақылы оқу бөлімінде оқитын студенттің оқу үлгерімі жоғары, GPA көрсеткіші жақсы болса және университетте бос гранттар бар болса, онда ол студент конкурстық негізде мемлекеттік білім беру грантына ие болуға өтініш бере алады.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЗІЛІС

Оқу кезінде денсаулыққа байланысты, соның ішінде жүктілік және босану үшін қажетті уақытша үзіліс академиялық демалыс түрінде ресімделеді. Академиялық демалыс қалалық студенттік емхананың **Дәрігерлік кеңес комиссиясының** (ВКК) шешімі негізінде 6 айдан 12 айға дейін беріледі, өте сирек ерекше жағдайда – **2 жылға** дейін беріледі. Сонымен қатар академиялық демалыс студенттерге мына жағдайларда беріледі:

- 1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына шақырылып, заңмен белгіленген жағдай бойынша әскери қызметке бару кезеңіне;**
- 2) бала туылуы, ұл немесе қыз баланы асырап алуы кезінде заңмен белгіленген жағдай бойынша 3 жылдық мерзімге;**
- 3) заңмен бекітілген басқа да жағдайларда.**

Қосымша ақпарат алу үшін өзіңіздің эдвайзерге, институт дирекциясына, сондай-ақ университеттің Медициналық орталығына (Кіші оқу корпусы, 206-каб., тел. 292 70 44) medicalcenter@satbayev.university жолығыңыз.

АУЫСУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ОРНЫҒУ

- Студенттерді ауыстыру жағдайлары әртүрлі болып келеді: бір білім беру ұйымынан екіншісіне; оқудың бір түрінен екіншісіне; бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне; ақылы негізде оқудан мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауысу және керісінше, шартты дәрежеде оқу және одан да шығару.
- Жоғары оқу орындарының студенттері егер оқу бағдарламасының бірінші академиялық кезеңін аяқтаған болса, бір оқудан шығарылғаннан кейін басқаға ауыса алады немесе сол оқуына қайтадан орныға алады.
- Студент оқу жоспары пәндеріндегі айырмашылықты ескере отырып, кез келген білім беру бағдарламасына қайта түсе алады.
- Студентті бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауыстыру, оқудың бір түрінен екінші формасына өткізу тек ақылы негізде оқу үшін ғана жүзеге асырылады.
 - Білім беру гранты бойынша оқитын студент өз грантын сақтай отырып, басқа ЖОО-ға ауыса алады.
- Ауысу немесе қайтадан орнығу тек демалыс кезінде ғана жүзеге асырылады.

Басқа ЖОО-ға ауысқысы келетін студент Сәтбаев Университетінің басшылығына жазылған ауысу туралы өтінішті өз институтының дирекциясына береді. Аудармаға оқу ісі жөніндегі проректор мен Тіркеу кеңсесінің қолы қойылған транскрипттің көшірмесімен және мемлекеттік грант иегерінің мөрмен куәландырылған (*егер де грант бар болса*) жазбаша келісім алғаннан кейін, мемлекеттік грант бойынша оқығысы келетін ЖОО-ның басшысына жүгінеді.

СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕН ШЫҒАРУ

Студент Сәтбаев Университетіндегі оқуынан мынадай жағдайда шығарылуы мүмкін:

- 1) өз өтініші бойынша (*соның ішінде басқа ЖОО-ға ауысуына байланысты, медициналық және отбасылық себептерге байланысты, т.б.*);
- 2) академиялық үлгерімі нашар болғаны үшін, мысалы:
 - академиялық кезеңнің пәндеріне тіркелмеген жағдайда;
 - академиялық кезеңнің барлық пәндері бойынша аттестация мен қорытынды бақылауды өткізіп алған жағдайда;
 - міндетті бір пәнді төрт рет қайта-қайта оқып (*оның ішінде 3 рет – Retake*), әрбір ретте де нашар баға алатын болса;

- 3) академиялық тәртіпті жүйелі түрде немесе өрескел бұзғаны үшін, оның ішінде – белгісіз себептермен сабаққа бес аптадан артық уақыт қатыспағаны үшін; оқу ақысын уақытында төлемегені үшін; Жарғының, осы Ереженің, Ішкі ережелердің, университеттің **Академиялық адалдық кодексінің** немесе басқа да [нормативтік құжаттардың ережелерін](#) бұзғаны үшін; Қазақстан Республикасы заңдылықтарының ережелерін, университетпен келісіліп жасалған оқу шартының талаптарын бұзғаны үшін;
- 4) егер студент **Сәтбаев Университетінде** оқу туралы келісім жасамаса;
- 5) егер студенттің оқу мерзімі **Қазақстан Республикасының заңдылықтарында белгіленген ең жоғары мерзімнен асып кетсе (7 жыл);**
- 6) осы Ережеде, университеттің басқа ішкі құжаттарында және/немесе Қазақстан Республикасы заңдылықтарында көзделген басқа да жағдайлар негізінде.

Университеттен кеткісі келетін студент Сәтбаев Университеті Ректорының атына өзін оқудан шығару жөніндегі өтінішті өз институтының дирекциясына жазуы керек.

Студент Сәтбаев Университетінен шығу туралы шешім қабылдағаннан кейін бірден оқудан шығару жөнінде өтініш беруі керек. Егер де студент оқудан өз еркімен шығу туралы өтінішті кешіктіріп, Сәтбаев Университетіндегі сабаққа қатысуды тоқтататын болса, ол емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (*оқу жылындағы*) академиялық үлгерімі төмен болғаны үшін және/немесе оқу тәртібін бұзғаны себепті оқудан шығарылады. Мұндай жағдайда оқу ақысы оқудан шығарылған күнге дейін төленеді.

ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ

Университетте оқуды сәтті бастау үшін алғашқы аптада сіз барлық құжаттарды рәсімдеуіңіз керек:

- Өзіңіздің корпоративтік поштаңызды іске қосып, сабақ кестесін біліңіз;
- Сәтбаев Университетінің қашықтықтан білім беретін Polytechonline және Microsoft Office 365 платформаларында авторлығыңызды дәлелдеңіз;
- Студенттің ID-картасын алып, Ғылыми кітапханаға жазылыңыз;
- Шәкіртақы тағайындау үшін өзіңіздің эдвайзерге 20-таңбалы банк есепшотының номерін беріңіз;
- Егер қажет болса, жатақханадан орын алу үшін өтініш толтырыңыз;
- Студенттік «Оңай» картасын алыңыз;
- Егер ұл болсаңыз, әскери есепке тіркеліңіз;
- Университетпен екеуара толтырылған оқу туралы келісімшартты алып, ата-аналарыңызға жіберіңіз;
- Егер де сізге әлеуметтік көмек қажет болса, Студенттермен әлеуметтік жұмыс жүргізу секторымен байланысыңыз.

Барлық сұрақтар бойынша өз эдвайзеріңізге жолығыңыз.



ОҚУ АҚЫСЫН ҚАЛАЙ ТӨЛЕУ КЕРЕК

Оқу ақысын төлеу

Kaspi.kz немесе Halyk Bank қосымшасының көмегімен онлайн-аударма жасау арқылы жүзеге асырылады.

Бухгалтерияның студенттермен жұмыс жөніндегі бөлімі:

8 (727) 292 6468.

KASPI.KZ



HALYKBANK



СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

Алматы қаласы бойынша жүру үшін Алматының кез келген нүктесінен университетке баратын бағыттарды көрсететін ONAY мобильдік қосымшасын жүктеп алыңыз!

Ол үшін қосымшадағы «Бағдарлар» тармағын таңдап, ішінен «Бағыттар» опциясын таңдайсыз. «Қайдан» тармағында «Картада көрсету» опциясын пайдаланып, орналасқан жеріңізді жазасыз (қосымша сіздің тұрған жеріңізді автоматты түрде көрсетеді), «Қайда» бөліміне «Сәтбаев Университеті» деп енгізесіз.

[ONAY в App Store](#)

[ONAY в Google Play](#)

Сондай-ақ сіздер университетке таксимен немесе автобуспен жете аласыздар:

- 1 - Алматы қаласындағы Халықаралық аэропорттан: 3, 92, 79-автобустар.
- 2 - «Алматы-1» теміржол вокзалынан: 7-троллейбус, 34, 30, 18-автобустар.
- 3 - «Алматы-2» теміржол вокзалынан: 5, 6-троллейбус, 92, 98, 79-автобустар.
- 4 - «Саяхат» автовокзалынан: 3, 92, 98, 79-автобустар.
- 5 - «Алтын-Орда» базарынан: 95, 128-автобустар.

ЖАТАҚХАНАҒА ҚАЛАЙ ОРНАЛАСУ КЕРЕК?

Жатақханаға өтініш беру үшін мына <https://dormitory.satbayev.university> сайттағы анкетаны толтырып, қажетті құжаттардың сканерлік нұсқасын жүктеу керек:

1. Паспорт/жеке куәлік;
 2. Студенттің жатақханаға жеңілдікпен орналасу құқығын растайтын құжаттар.
- Жоғары курстар үшін өтініштерді қабылдау 2024 жылғы 10-20 тамыз аралығында.
- Бірінші курстар үшін өтініштерді қабылдау 2024 жылғы 10-26 тамыз аралығында.

Орын беру нәтижесі 2024 жылғы 26 тамызда белгілі болады.

Жатақханаға орналасу – 2024 жылғы 26 тамыздан 01 қыркүйекке дейін.

Студенттерді жатақханаға орналастырудан кейін қажетті құжаттарды сізге бөлінген орын бойынша жатақхана қызметкерлеріне тапсыру қажет.

Жатақханаға орналастыру үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Жеке куәліктің көшірмесі – 2 дана.
2. 3*4 көлеміндегі фотосурет – 4 дана.
3. Файл – 2 дана.
4. Тұру ақысы туралы төлем квитанциясының көшірмесі.
5. Эпидемиологиялық жағдай туралы анықтама. (Бұл анықтама университеттің студенттер қалашығындағы Медициналық орталықтан беріледі, жатақхана №1, 1-қабат. Флюорография суретін өзіңізбен бірге алып келу қажет).

Студенттер жатақханаға орналастыру үшін медициналық тексерістен өтіп, университеттің Медициналық орталығынан эпидемиологиялық жағдай туралы анықтама алуы тиіс.

Медициналық орталықтың мекенжайы: жатақхана №1, Ғабдуллин көшесі, 1.

Медициналық тексеру үшін қажетті құжаттар:

- Медициналық анықтама №075 формасы және флюорография суреті (6 айдан аспаған болуы тиіс);

18 жасқа толған студенттерде ЭЦП кілті болуы керек.

18 жасқа толмаған студенттерде болуы тиіс:

- Туу туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі;
- Ата-анасының жеке куәлігінің көшірмесі;

Шетелдік студенттерде болуы тиіс:

- ВИЧ бойынша қан анализінің нәтижесі;
- Микрореакция бойынша қан анализінің нәтижесі.

Студентке көмек!

Жатақханаға орналастыру жөніндегі Ахуалдық орталық:
+7 (727) 320-41-43, +7 777 377 0029

Алматы қаласының студенттік омбудсмені:
Адилъхан Төлепберген
+7 776 677 3773



БАНК КАРТАСЫ ЖӘНЕ ШӘКІРТАҚЫ

2022 жылдан бастап шәкіртақы төлеу және Satbayev University символикасы бар "Халық-банк" корпоративтік карталары арқылы жүзеге асырылады. Сізге университет аумағында "Халық-банктің" банк картасын ашу қажет.

Картаны ашу үшін сізге қажет:

- 1) Жеке куәліктің алдыңғы және артқы жағынан көшірмелерін жасау;
- 2) Жеке куәліктің көшірмесімен белгіленген үлгідегі «Халық банк» өтінішін толтыру (одан карточканы дайындаудың болжамды уақытын нақтылау).

"Халық Банк" Satbayev University аумағында күн сайын (сенбі және жексенбіден басқа күндері) Бас оқу корпусының фойесінде сағ. 9:00-ден 17:30-ға дейін карталарды рәсімдейді. Егер сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз, онда міндетті түрде ата-анаңыздың көмегі қажет.

Карталарды рәсімдеуге қатысты барлық сұрақтар бойынша институттың жауапты эдвайзерлеріне хабарласыңыз.

Қыркүйек айының шәкіртақысы қазан айында студенттік картаға аударылады, одан кейінгі шәкіртақы – әр айдың соңында аударылып тұрады. Бірінші (күзгі) семестрде шәкіртақы барлық мемлекеттік грант иегерлеріне беріледі. Екінші (көктемгі) семестрде шәкіртақы қысқы сессияның қорытындысы бойынша беріледі.

МАҢЫЗДЫ! Егер сізде кемінде бір «с» бағасы немесе одан төмен баға (70 немесе одан да аз балл) болса, сіз шәкіртақыдан айырыласыз. Шәкіртақы сессияны сәтті тапсырған жағдайда келесі академиялық семестрде қалпына келтірілуі мүмкін.

«ОНАУ» СТУДЕНТТІК КӨЛІК КАРТАСЫ

Алматы қаласында қоғамдық көлікте жүру және жол жүру ақысын төлеу үшін «ОНАЙ» картасы қолданылады. Көлік картасын алу үшін келесі құжаттардың электрондық көшірмелері қажет:

- ЖСН
- 3-те 4 фотосурет
- Алдыңғы және артқы жағындағы жеке куәлік
- Туған күні
- Оқу орнынан анықтама

Тіркеу картасын ресімдеу:

1. 1 қыркүйектен кейін Instagram желісіндегі [@satbayev.onay](https://www.instagram.com/satbayev.onay) бейініне кіріп, суреттерді және барлық қажетті құжаттарды жүктеп, профиль сипаттамасындағы сілтеме бойынша Google нысанын толтыру қажет.

2. Бір апта ішінде өтінім өңделіп, карталарды шығару жөніндегі комиссия сіздің атыңызды [@satbayev.onay](https://www.instagram.com/satbayev.onay) парақшасында жариялайды. Парақшада өз атыңызды көргеннен кейін сізге Qiwi терминалы немесе Kaspi.kz қосымшасы арқылы картаны шығару үшін 500 теңге төлеу қажет болады.

3. Төлемді тексергеннен кейін карталарды шығару жөніндегі комиссия сіздің «ОНАУ» студенттік картаңызды шығарады. Картаның дайын екенін Instagram желісіндегі [@satbayev.onay](https://www.instagram.com/satbayev.onay) парақшасынан біле аласыз.

Дайын карталар Жастар ісі және спорт Департаментінде, БМК 219-да беріледі. Карточканы ресімдеуді күту уақыты 15-20 жұмыс күнін құрайды.

"ОНАЙ" көлік картасына жөніндегі барлық сұрақтар бойынша өзіңіздің эдвайзеріңізге хабарласуға немесе 8 (727) 320 40 75 телефонына қоңырау шалуға болады.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Медициналық орталық студенттерге алғашқы медициналық көмек көрсетеді.

Мекенжайы және телефоны: Бас оқу корпусы, № 206 кабинет, тел.: 292 70 44, email medicalcenter@satbayev.unau.

Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма, сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін. Демалыс күні: сенбі, жексенбі.

Емхана

Satbayev University жаңа студенттік емханасы Сәтбаев көшесі 22В мекенжайындағы № 1 студенттік жатақхананың бірінші қабатында орналасқан. Байланыс телефондары: 292 57 80, +7 701 212 16 22 (Call орталығы), +7 771 400 59 24 (Whatsapp).

Жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма, сағат 08.00-ден 20.00-ге дейін. Сенбі күні - сағат 09.00-ден 14.00-ге дейін. Жұмыс емес күн: жексенбі.

Қабылдауды стоматолог, невропатолог, оториноларинголог, гинеколог, уролог, эндокринолог, офтальмолог, хирург, кардиолог және т.б. жүргізеді. УДЗ кабинеті, емшара кабинеті, физиотерапия, ЭКГ, зертхана, сондай-ақ 6 төсектік күндізгі стационар жұмыс істейді.

Емхана қызметін пайдалану үшін «Алматы қаласының Студенттік емханасына» тіркелу қажет.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҰЙЫМҒА ТІРКЕЛУ МЫСАЛЫ:


ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ

- е Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТКЕ ТАПСЫРЫС БЕРУ

- е Қызмет алу
(18-ге толғандар – өзі үшін, 18-ге толмағандар – бала үшін)
- е Өңір ► Алматы қ. ► Бостандық ауданы
- е Медициналық ұйым – «Almaty Clinic» ЖШС
- е Тіркелу себебі ► Басқа жаққа көшу
- е Медициналық қызметкерлер ► Абдувахитов А.Н., Шымырбай А.Ғ., Жаманта А.Н.

ТАПСЫРЫСТЫ ЖІБЕРУ



УНИВЕРСИТЕТТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Кез келген уақытта Университет психологына хабарласып, сізді толғандыратын келесі сұрақтар бойынша көмек ала аласыз:

- Менің кім екенімді және өзімнің ең жақсы нұсқам болу үшін не істеуім керек?
- Адамдар қандай және олар өзін қалай ұстайды?
- Мұғаліммен қалай келісімге келуге болады?
- Стрессті және мазасыздықты қалай азайтуға болады?
- Өз проблемаларыңызды жеңу үшін қандай тренингті таңдау керек?

Байланыс кеңсесі 218 ТКМФ. Байланыс телефондары: +7 702 672 99 61.
studentaffairs@satbayev.university.



ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Сіз Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенті атандыңыз және Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың Ғылыми кітапханасының кітап қоры мен ақпараттық ресурстарын пайдалану құқығына ие болдыңыз.

Университеттегі оқу сәтті болу үшін, сізге ғылыми ақпараттардың үлкен ағымында жүруді, оны өз бетінше іздеуді және оқу әдебиеттерімен жұмыс істеуді үйрену керек.

Сәтбаев Университетінің Ғылыми кітапханасы 1934 жылы құрылған. Ғылыми кітапхана қорында 1,5 млн-нан астам кітап бар.

Кітапханада оқу құралы, оқу-әдістемелік құралдар, ғылыми әдебиеттер университеттің білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерінің бағыты бойынша кеңінен ұсынылған, сонымен қатар көркем әдебиеттер де өте мол.

Қашықтықтан оқыту жағдайында сіз университет [сайтында](#) көрсетілген электронды каталогті, мәліметтер базасын, электрондық кітапхана жүйелерін қолдана аласыз. Кітапхананың электрондық каталогі мен жазылу дерекқорында авторизация жасау арқылы қажетті құжаттарға қол жеткізе аласыз.

Егер сізде ақпарат іздеу, мәліметтер қорымен жұмыс істеу туралы сұрақтар туындаса, кітапхана қызметкерлеріне library@satbayev.university мекенжай бойынша хабарласа аласыз.

Кітапхана университеттің Тау-кен металлургия ғимаратында (ГМК) орналасқан: Сәтбаев көшесі, 22а (Масанчи көшесінің қиылысы).

ӘСКЕРИ ТІРКЕЛУ

Оқу жылының басында бірінші курстың барлық ұлдары әскери есепке тіркелуі керек, ол үшін Бас оқу корпусының 341-кабинетіне бару керек. Алматы қаласы мен Алматы облысында тіркеуде тұрған студенттерде өзімен бірге жеке куәліктің көшірмесі, тіркелу куәлігі (көшірмесі мен түпнұсқа), мекенжай туралы анықтама (тұрақты немесе уақытша тіркеуде) болуы керек. Бұл оқу мерзімінде әскер қатарына шақырылмас үшін қажет, өйткені Қазақстан Республикасының барлық ұлдары 18 жастан бастап әскер қатарына шақырылады.

Есіңізде болсын! Егер сіз әскери есепке уақтылы тіркелмесеңіз, сіз ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 647-бабы «Азаматтардың әскери міндеттерін орындамауы» бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартыласыз және сол үшін сізге 5 АЕК мөлшерінде айыппұл салынуы мүмкін.

ӘСКЕРИ ІС ИНСТИТУТЫ

Әскери іс институтында (Әскери кафедра) запастағы офицерлерді даярлау бағдарламалары бойынша студенттерді әскери дайындықтан өткізеді. Студенттер негізгі мамандықпен қатар екінші (әскери) мамандық алып шығады да, Сәтбаев Университетін бітіргеннен кейін Қазақстан Республикасының күштік құрылымдарына қызметке орналаса алады.

Әскери кафедраға қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады. Медициналық тексеруден басқа студенттер кәсіби-психологиялық іріктеуден өтіп, дене шынықтыру нормативтерін тапсырады. Сәтбаев Университетінде өткен оқу кезеңіндегі үлгерімнің ГРА орташа баллы негізінде конкурстық комиссия қорытынды шешім қабылдайды.

Байланыс: Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 140 (әскери корпус), телефон 8 (727) 292 77 97.

ЖАСТАР ЖӘНЕ СПОРТ ДЕПАРТАМЕНТІ

Департамент университеттің қоғамдық өміріне қатысуға, спорт секциялары мен көркемөнерпаздар үйірмелеріне қатысуға қызығушылық танытқандар үшін барлық жағдайларды ұсынады. Сондай-ақ, департамент әлеуметтік көмек пен жеңілдіктер, «Оңай» студенттік картасын алу, жәрдемақы тағайындау үшін анықтама беру туралы ақпарат береді. Барлық сұрақтар бойынша studentaffairs@satbayev.university поштасына, 219, 224 ТКМҒ кеңсесіне немесе 8 (727) 320 41 26, 8 (727) 320 40 75 телефонына хабарласыңыз.



СТУДЕНТТЕРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС СЕКТОРЫ

Егер сіз жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан болсаңыз немесе толық мемлекеттік қолдауда болсаңыз, Satbayev University сізге келесі қолдау көрсетеді:

- 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы ақшалай жәрдемақы және қабылдау кезінде тамақ, киім, аяқ-киім, жұмсақ құрал-жабдық, тамақ сатып алуға өтемақы беру.
- 30% шәкіртақыға қосымша жәрдемақы және жатақханаларда тегін тұру.

Мүмкіндігі шектеулі студенттер мен туберкулезге қарсы диспансерлерде есепте тұрған студенттерге тамаққа өтемақы төленеді, жатақханада тұру үшін жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ есту және көру қабілеті бұзылған студенттер 75% шәкіртақыға қосымша жәрдемақы алады.

БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Сәтбаев Университеті әлеуметтік осал топтағы студенттерге, оқу озаттарына, спорт шеберлеріне және олимпиада жеңімпаздарына гранттар мен жеңілдіктер береді, сондай-ақ «Білім алушыларды материалдық ынталандыру (көтермелеу) туралы ережеге» сәйкес халықаралық олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздарын қаржылай көтермелейді.

Сіз университетке түскеннен кейін грант немесе жеңілдік ала аласыз. Ол үшін әлеуметтік жұмыс бөліміне әлеуметтік жағдайыңыз туралы құжаттарды ұсыныңыз.

Әлеуметтік қолдау көрсетуге қатысты барлық сұрақтар бойынша Әлеуметтік жұмыс бөлімінің 224 (ТКМҒ) кеңсесіне немесе 320-40-75 байланыс телефонына хабарласуға болады.

ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ АНЫҚТАМАЛАР

Жәрдемақы тағайындау туралы анықтама алу үшін 224 БМК өтінім беру қажет.

SATBAYEV UNIVERSITY СТУДЕНТТІК ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ



Студенттік деканат - университеттің студенттік және жастардың өзін-өзі басқаруының жоғары органы болып табылады. Негізгі мақсат – студенттердің құқықтарын қамтамасыз ету, жастарға жағдай жасау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу, студенттердің бастамаларын жүзеге асыру, сонымен қатар университетте студенттік және жастардың өзін-өзі басқаруын дамыту.



Жатақханалардың студенттік кеңесі - жатақханаларда тұратын студенттердің тұрмысы мен бос уақытын ұйымдастыруға жауапты студенттік ұйым. Студенттік кеңес төрағалары студенттерге жаңа жағдайларға бейімделуге көмектеседі, студенттік іс-шаралар өткізеді.



Жастар ісі жөніндегі комитет - "Бауырсақ күні", "Көрісу" сияқты іс-шараларды, сондай-ақ танымал адамдармен кездесулерді ұйымдастыра отырып, ұлттық құндылықтарды насихаттайтын студенттік ұйым. Команда спортты белсенді насихаттайды және имидждік іс-шаралар өткізеді.



Satbayev Time – студенттердің үлкен аудиториясын жинау, Сәтбаевтың талапкерлері мен түлектерінің әлеуметтік желілерде одан әрі байланысы үшін университет студенттеріне студенттік өмір туралы білім беретін, университеттен тыс және одан тыс түрлі оқиғалар туралы маңызды ақпаратты тарататын студенттік жоба. Университет.



КТК (Ресей лигасы) және Жайдарман (Қазақ лигасы)

Әзілкештер ойыны, мұнда командалардың берілген сұрақтарға тапқыр жауаптары, белгілі бір тақырыптар бойынша суырып салмалығы, алдын ала дайындалған көріністерді сахналауы және т.б. жарысқа түседі. 2012 жылдан бастап Сәтбаев университетінде жыл сайын Чемпиондар кубогы үшін институттар арасында жарыс өткізіліп келеді. Бұл байқаудың жеңімпаздары университет атынан «BAS LIGA», «Жайдарман» сияқты республикалық және халықаралық лигаларда, КТК жоғары лигасында және т.б. өнерлерін көрсетеді.



«Satbayev Hunters» «Satbayev Hunters» Ұйымның миссиясы талапкерлерді Сәтбаев университетіне тарту мақсатында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар болашақ талапкерлер мен бірінші курс студенттері үшін экскурсиялар мен іс-шаралар ұйымдастыру болып табылады. Бұл Сәтбаев университетінің бет-бейнесі деуге болады.



Event Social Team – университеттің бет-бейнесі, университетті медиа-жарнамалаумен айналысатын команда. Команда университеттің @satbayev_official TikTok аккаунтымен және жылдың кез келген уақытында өтетін Арбат СУ сияқты студенттерге арналған керемет іс-шараларды ұйымдастыру білуімен танымал. Біздің роликтерді Satbayev University youtube арнасынан көре аласыздар.



ENACTUS Satbayev University – бұл бизнесті әлеуметтік мәселелерді шешудің тәсілі ретінде қарастыратын кәсіпкерлік жетекшілерінің қауымдастығы. Enactus студенттері адамдарға өмірін жақсартуға мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық жобаларды жүзеге асырады. Enactus серіктестері-оқытушылар мен бизнесмендер студенттерді бағыттайды және команда тәлімгері болады. Студенттер жыл сайынғы бизнес басшылары бағалайтын жарыстарда өз жобаларын ұсынады.



Пікірсайыс клубтары. Пікірсайыс-бұл белгілі бір ережелерге сәйкес жүргізілетін пікірталастың ерекше формасы болып табылатын интеллектуалды ойын. Пікірсайыс логикалық және сыни ойлауды дамытады, коммуникативті мәдениет пен көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын дамытады, тәуелсіз шешім қабылдауға дайындайды және қоғамның болашақ көшбасшылары ретінде тұлғалардың қалыптасуына ықпал етеді. Қазіргі таңда Сәтбаев университетінде екі дебат клубы жұмыс істейді: "Technokrat" интеллектуалды дебат клубы (қазақ лигасы) және "Satbayev" Intellectual Debate Club (орыс лигасы). Біздің студенттер жыл сайын Satbayev University ректорының кубогына республикалық дебат турнирін өткізеді және әртүрлі қалалық және республикалық турнирлерге қатысады, онда дәстүрлі түрде жеңімпаз



болып шығады, осылайша университет намысын қорғайды.



SPE (Society of Petroleum Engineers) –


мұнай-газ саласы кәсіпқойларының коммерциялық емес қауымдастығы. Ол әлемнің 143 елінен 158 мыңнан астам мүшені біріктіреді, олар 200 кәсіби және 379 студенттік бөлімшелерден тұрады. SPE Satbayev University – Қазақстандағы ең ірі бөлім және Ресей мен Каспий өңіріндегі жетекші қауымдастықтардың бірі болып табылады, оған 1000-нан астам студент кіреді, студенттер үшін ағылшын тілі мен шешендік өнер клубтарын, дебаттарды, "мұнай" ойындарын аша отырып, студенттердің мұнай-газ саласындағы білімін жақсартуға және ой-өрісін жалпы кеңейтуге бағытталған арнайы іс-шаралар өткізеді. Зияткерлік жарыстар және т.б. қоғамдастықпен жыл сайын Satbayev University базасында мұнай-газ саласының жетекші мамандары мен перспективалы студенттерді біріктіретін Каспий ПетроКонгресс өткізіледі.



EMPIRE – Satbayev University қабырғасындағы киберспорттық ұйым, оның мақсаты жаңа ғаламдағы барлық таланттар мен жаңашылдарды біріктіру, осы бағытты ойыншылар, көрермендер және осы салада кәсіби тұрғыдан дамығысы келетіндер үшін осы бағыттағы ашу болып табылады, ол әр сағат сайын қарқынды дамып келеді. Келдім, көрдім, жеңдім!



Stand Up – әзілқой «театр», онда әзілкеш көрермендер алдында жалғыз өзі өнер көрсетеді, әдетте көрерменмен тікелей сөйлеседі. Соңғы жылдары елімізде стенд-ап өте танымал болды. Стенд-ап әзілкештер пікір көшбасшыларына айналды. Стенд-ап әзілкештердің материалдары, әдетте, оқу кезінде болған оқиғалар мен қызықты жағдаяттардан тұрады. Бұл университеттегі жеке



Шығармашылық орталық университеттің үйірмелерін үйлестіреді және республикалық деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруға көмектеседі. Орталықта халық аспаптар оркестрі, вокалдық-хор үйірмесі, хореографиялық ансамбль, вокалды-аспаптық ансамбль, көңілді тапқырлар клубы/ жайдарман және Stand-Up жұмыс істейді. Оларға Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары, көптеген республикалық ойындардың чемпиондары және т.б. басшылық етеді.

Шығармашылық орталықтың жұмысы туралы толығырақ ақпаратты [@creativity_centerr](#) инстаграм парақшасынан көре аласыздар.

Өз студенттік ұйымыңызды құрғыңыз келе ме? ГМК 237 кабинетке келіңіз! Сәттілік тілейміз!



FAQ – ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР

(ата-аналарға да пайдалы)

"Бағдарлау аптасы" дегеніміз не және ол қашан өтеді?

Бағдар беру апталығы академиялық күнтізбеге сәйкес бірінші курс студенттері үшін тамыз айының соңында – қыркүйек айының басында өткізіледі. Сіз мектепте оқудың университеттегі жүйеден немен ерекшеленетінін, "Кредиттік оқыту технологиясы" деген не екенін, қашықтықтан оқыту және Satbayev University платформалары туралы білесіз, студенттік ұйымдардың президенттерімен және т. б. танысасыз.

Оқу порталына қалай тіркелу қажет?

[SSO](#) оқу панеліне логин ретінде сіздің жаңа корпоративтік мекенжайыңызды және сіздің электрондық поштаңызға жіберілетін құпия сөзді пайдалана отырып кіріңіз. Сонымен қатар, Сізге [Polytech online](#) қашықтықтан білім беру жүйесі және [Microsoft 365](#) бұлтты сервистерінің функционалды қызметі қолжетімді болады. Фотосуретіңізді жүктеп салуды, Microsoft Teams қосымшасын ұялы телефоныңызға жүктеп алуды ұмытпаңыз.

Студент қандай жағдайда мемлекеттік білім беру грантынан айырылады?

Мемлекеттік білім гранты бір жылға беріледі. Студент мемлекеттік білім грантынан мынадай жағдайда айырылып қалуы мүмкін:

- Академиялық оқу үлгерімінің төмендігі (*егер оқу жылының аяғында студент тиісті GPA 4.0 баллдың 2.0 балл ғана жинақтаса*);
- Сәтбаев Университетінің басқа білім беру бағдарламасына немесе басқа ЖОО-на ауысқан жағдайда;
- оқудан өз еркімен шыққысы келсе;
- Мемлекеттік білім грантынан айырылған студенттерге ақылы негізде оқу құқығы беріледі.

Жетімдер, мүгедектер, көп балалы немесе жағдайы төмен отбасылардан келген студенттер үшін қандай да бір жәрдемақы бар ма?

Иә, мұндай көмек қарастырылған, ол үшін тиісті құжаттар өткізілуі қажет. Осындай сұрақтар бойынша Жастар ісі және спорт Департаментіне (219 кабинет ГМК, тел. 320 40 75) хабарласып, толық мәлімет алуға болады.

Студент оқу орнынан анықтаманы қалай ала алады?

Университет ЖОО-да студенттің оқитынын растайтын анықтама береді. Аталмыш анықтама студенттің оқуға бекітілгені туралы бұйрығы шыққаннан кейін ғана беріледі.

- 1) Әскери тіркеу жөніндегі анықтама (әскер қатарынан шегеру үшін) – 341-каб., ГУК.
- 2) Жәрдемақы алу үшін анықтама (мүгедектігі жөнінде, көп балалы отбасы және т.б.) – 219-каб., ГМК.
- 3) Жатақханаға немесе банкке қажетті анықтама (банк картасы үшін), мектепке, практикаға және т.б. – Тіркеу кеңсесінің №1 терезесі немесе [SSO](#) оқу панелі.

Сабақты жіберіп алған жағдайда не істеу керек?

ОКТ ережелеріне сәйкес бір семестрде бір пән бойынша сабақты 20% жі- беруге болады, егер пән бес кредиттік болса, сабақтан 9 рет қалуға, ал үш кредиттік пән бойынша 6 ретке дейін сабақ жіберу мүмкіндігі бар. Порталдағы журналды оқытушы факт бойынша толтырады. Журналдан жіберілген сабақтарды белгілеу алынып тасталмайды.

- Егер сіз ауырып қалсаңыз, онда анықтама қабылданбайды;
- Себебі ауырып қалғаныңызға байланысты жіберген сабақтар рұқсат етілген 20%-ға кіреді. Жіберген сабақтарды алып тастау туралы өтініш қабылданбайды.



БАЙЛАНЫС ҮШІН

Бөлімше	Бөлімшенің міндеті	Байланыс үшін e-mail
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор, НК, 301	Студенттер академиялық қолдау және эдвайзинг, академиялық комплаинг	+7(727) 320 41 04
Офис-регистратор және студенттерге қолдау көрсету орталығы ГУК, I этаж		+7 (727) 320 21 16, +7 (727) 920 40 27 +7 (727) 320 40 16 or-help@satbayev.university
Қоғамдық пәндер кафедрасы, ГУК, 812, 814	Студенттерді гуманитарлық пәндер бойынша қолдау мәселелері	+7(727) 257-71-95 socialstud.dep@satbayev.university
Шет тілдері кафедрасы, ГУК, 823, 825	Студенттерді тілдік пәндер бойынша академиялық қолдау мәселелері	eld@satbayev.university
Қазақ және орыс тілдері кафедрасы, ГУК, 521, 610	Қазақ және орыс тілі пәндері бойынша студенттерді академиялық қолдау мәселелері	+7 (727) 257-73-80 qazruslang@satbayev.university
Дене шынықтыру кафедрасы, ГМК, 102	Дене шынықтыру пәні бойынша студенттерді академиялық қолдау және спорттық бос уақыт мәселелері	+7(727) 257-71-85 sport@satbayev.university
Ғылыми кітапхана, ГМК	Студенттерге арналған кітап, библиографиялық және электрондық ресурстар	library@satbayev.university
Халықаралық қатынастар бөлімі НК 903	Шетелде оқу және білім алмасу бағдарламалары	international_office@satbayev.university
Жастар ісі және спорт Департаменті 219 ГМК	Әлеуметтік және академиялық емес студенттерді қолдау	+7(727) 320-41-26 +7(727) 320-40-75 studentaffairs@satbayev.university
Медициналық орталық ГУК, 206 кабинет.	Медициналық көмек	+7 (727) 292-70-44. medicalcenter@satbayev.university
Қашықтықтан білім беру институты	Қашықтықтан оқытуды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру, Polytechonline.kz техникалық қолдау көрсету	Техникалық бөлім +7 (727) 320 40 51 Оқу бөлімі +7 (727) 320 40 51 ldo-help@satbayev.university
Ақпараттық жүйелер бөлімі НК, 508	Техникалық көмек Microsoft Office 365	dis-help@satbayev.university
Әскери есепке тұру секторы, ГУК, 341	Әскери есепке тұру мәселелері	military@satbayev.university



Сәтбаев Университетінің ресми сайты
www.satbayev.university



Сәтбаев Университетінің **Vkontakte**
www.vk.com/satbayevuniversity



FaceBook-тегі ресми тобы
www.facebook.com/satbayevuniversity



YouTube ресми каналы
www.youtube.com/user/TheKazntu/featured



Instagram -дағы ресми арна
www.instagram.com/satbayev_university

